

Айда БАЛАЕВА: ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ТЕСТ ТАПСЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын жүзеге асыру аясында Премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Үкіметтің 2025 жылғы желтоқсанда қабылдаған 2030 жылға дейінгі көші-қон саясаты тұжырымдамасының негізгі ережелерін түсіндірді.

Оның айтуынша, қазіргі заманда көші-қон саясаты қоғамдағы, экономикадағы және әлемдегі өзгерістердің айқын көрсеткішіне айналып отыр. Сондықтан көптеген елдер өз көші-қон саясатын қайта қарап жатыр. Қазақстан да бұл бағытта нақты қадамдар жасап, көші-қон жүйесін заман талабына сай жаңартып келеді. Ол ашық әрі айқын болып, ең бастысы мемлекет пен азаматтардың мүддесіне қызмет етуге тиіс.

2025 жылғы желтоқсанда Үкімет 2030 жылға дейінгі көші-қон саясатының тұжырымдамасын қабылдады. Бұл құжатта экономиканың қажеттілігі, азаматтардың мүддесі мен ұлттық қауіпсіздік мә-

селелері жан-жақты қарастырылған.

Ең алдымен, біз Қазақстан азаматтарының мүддесін басшылыққа аламыз. Шетелдік жұмыс күші тек нақты кадр тапшылығы бар салаларға ғана тартылды. Көші-қон бағыт-бағдары өңірлер мен нақты жобалардың сұранысына сай қалыптасады, — деді ол.

Бұл ретте басты назар «Заң және Тәртіп» қағидатының сақталуына салынатын болады.

Заң бөріне ортақ. Сондықтан көші-қон талаптарын бұзғандар жауапкершіліктен сырт айналып кете алмайды. Бұл талап мигранттарға да, жұмыс берушілерге де бірдей қолданылады. Қауіпсіздік елге кіруден бастап, елден шығуға дейін толық қамтамасыз етіледі.

Біздің мақсатымыз — Қазақстанға заңды сыйлайтын, мәдениетімізді құрметтейтін адамдардың келуі, —

деп атап өтті министр.

2026 жылғы қаңтардан бастап жаңа тәртіп енгізіледі. Шетел азаматтары, соның ішінде этникалық қазақтар, алдын ала іріктеуден өтеді. Оған мемлекеттік тілді білу тесті, цифрлық сауалнама, уәкілетті органдардың тексерулері және өңгімелесу кіреді.

Мемлекеттік қолдауға үмітті қандастарымыз үшін арнайы тәртіп бар.

Мемлекеттік жеңілдіктер мен қолдау бағдарламаларын пайдалану үшін олар қандас мәртебесін рәсімдеп, еңбек күші тапшы өңірлерге қоныстануы керек. Бұл — Ақмола, Абай, Қостанай, Павлодар,

Атырау, Батыс, Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстары.

Біз отандастарымызды мемлекеттік стратегияны ұстануға шақырамыз. Өңірлік квотаға кірген қандастар көшіп келген кезде 5 жылға әлеуметтік келісімшарт жасайды. Мемлекет оларға көшуге, баспанаға және жұмысқа орналасуға көмектеседі.

Ал егер отбасы бес жыл өтпей басқа өңірге көшсе, алған көмекті қайтаруға тиіс болады, — деп түсіндірді Аида Балаева.

Сонымен қатар балама жол да бар. Яғни, мемлекеттік қолдаусыз, жалпы тәртіппен тұрақты тұруға рұқсат алу. Бұл жағдайда өңірді өз қалауыңызша таңдай аласыз.

Министрдің айтуынша, жаңа көші-қон саясаты кезең-кезеңімен енгізіледі. Қоғамның, бизнестің және өңірлердің пікірі ескеріледі. Заңды құрметтейтін, адал азаматтарға әрдайым басымдық беріледі. Цифрлық құралдар заңсыз әрекеттер мен жалған құжаттарды жоюға мүмкіндік береді.

Көші-қон мәселесі заңды, қауіпсіз әрі бақылауда болуға тиіс. Тек сонда ғана ол мемлекетіміз бен азаматтарымыздың мүддесіне сай келеді, — деп түйіндеді ол.

2026 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ БАРЛЫҚ ЕЛДІ МЕКЕН БАС ЖОСПАРМЕН ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛАДЫ



Түркістан облысында елді мекендердің аумақтық дамуын жүйелеу, сәулеттік келбетін жақсарту және қала құрылысы талаптарын біріздендіру бағытындағы жұмыстар қарқынды жүргізіліп келеді. Облыстағы барлық елді мекенді бас жоспармен қамту мәселесі — өңір дамуының басым бағыттарының бірі. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш бойынша Түркістан облысы республика көлемінде алтыншы орында тұр.

Облыс аумағында жалпы саны 801 елді мекен бар. Оның 794-і бас жоспармен толық қамтылған. Қалған 7 елді мекеннің бас жоспарларын әзірлеу жұмыстары жоспарға сәйкес 2026 жылы толық аяқталады. Осылайша, алдағы екі жылда Түркістан облысындағы барлық елді мекен заманауи талаптарға сай бас жоспармен қамтамасыз етілмек.

Аталған мәселе облыс әкімдігінде өткен арнайы мәжілісте кеңінен талқыланды. Жиын барысында сәулет және қала құрылысы саласындағы атқарылып

жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар қаралып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктелді. Өңір басшысы Нұралхан Көшеров басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдеріне бұл бағыттағы жұмысты одан әрі жандандыруды тапсырды.

— Сәулет және қала құрылысы саласында еліміздің өзге өңірлеріндегі және шетелдердегі озық тәжірибелерді кеңінен қолдану қажет. Аудан мен қалалардың сәулеттік келбетін жақсарту, урбанистикалық дамуын ілгерілету бойынша нақты жұмыс кестесін бекітіп, жүйелі түрде жұмыс атқарыңыздар. Елді мекендердің бас жоспарлары мен құрылыс салу және даму схемалары белгіленген мерзімде әзірленуі тиіс. Сонымен қатар аудан және қала орталықтарының көркін арттыру мақсатында сәулеттік дизайн әзірлеу бойынша кешенді шараларды күшейтіңіздер. Сәулет-жоспарлау тапсырмаларын, эскиздік жобаларды келісу, нысандарды пайдалануға қабылдау және мемлекеттік қала құрылысы қандастрының геопорталына енгізу жұмыстары тұрақты жүргізілуі керек, — деді облыс әкімі.

Мәжілісте Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Қуаныш Асанов баяндама жасап, алдағы жылдарға арналған жоспарлармен таныстырды. Оның айтуынша, бас жоспарларға өзгерістер

мен толықтырулар енгізу қажеттілігіне байланысты облыс әкімдігі тарапынан 2025–2029 жылдарға арналған арнайы жол картасы бекітілген. Осы кезеңде 390 елді мекеннің бас жоспарын әзірлеу және түзету көзделіп отыр.

Атап айтқанда, 2025 жылы — 106 елді мекеннің, 2026 жылы — 84 елді мекеннің, 2027 жылы — 76 елді мекеннің, 2028 жылы — 65 елді мекеннің, ал 2029 жылы 59 елді мекеннің бас жоспарына түзетулер енгізіледі. 2025 жылы облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасы тарапынан 30 елді мекеннің, аудан және қала әкімдіктері тарапынан 76 елді мекеннің бас жоспарын әзірлеу жұмыстары басталып, бұл жұмыстар 2026 жылға өтпелі жоба ретінде жалғасады. Сонымен қатар Түркістан облысының аумақтарын қала құрылысын жоспарлаудың кешенді сызбасы әзірленіп, тиісті мемлекеттік мекемелермен келісілген.

Жалпы өңірде қала мен ауылдардың сәулеттік келбетін жақсарту бағытында бірқатар жүйелі бастамалар қолға алынған. Бұл бағытта арнайы индикаторлар бекітіліп, нақты міндеттер айқындалды. Атап айтқанда, Түркістан облысының қала және аудан орталықтарын дамытуға, сондай-ақ туризм саласын ілгерілетуге арналған концепциялар әзірленуде. Сонымен бірге қала мен аудан орталықтарының сәулеттік дизайнын (дизайн-код) қалыптастыру, елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу және өзектендіру жұмыстары жүргізілуде.

Түркістан.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР — БАЛАЛАРҒА» ҚОРЫНДАҒЫ БАРЛЫҚ СОМАНЫ НЕМЕСЕ ОНЫҢ БІР БӨЛІГІН ҒАНА ПАЙДАЛАНУҒА БОЛАДЫ

2026 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 2024 жылғы 1 ақпанныан бастап «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі — БЖЗҚ, Қор) нысаналы жинақ алу бойынша 205 505 өтінішті орындады. Жалпы сомасы 31,61 миллион АҚШ долларынан астам қаражат уәкілетті операторларға аударылды. Олар, өз кезегінде, қаражатты 18 жасқа толған өтініш беруші азаматтардың банктік шоттарына есептейді.

Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 19,69 млн АҚШ долларына 127 445 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін 11,92 млн АҚШ долларына 78 060 өтініш қанағаттандырылды.

Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін ғана пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (19,27 млн АҚШ долларына 124 490 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу — 145,39 мың АҚШ долларына 999 өтініш, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) — 108,64 мың АҚШ долларына 757 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (11,03 млн АҚШ долларына 71 025 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (608,47 мың АҚШ долларына 4 933 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (228,32 мың АҚШ долларына 1 706 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік:

— нысаналы талаптарға Қазақстан Республикасының 18 жасқа толмаған, нысаналы талаптарға құқығы бар азаматтары қатыса алады;

— Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) жыл сайын (1 қазан) БЖЗҚ-ға нысаналы талаптардың жалпы сомасы, орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесі және нысаналы талаптарға қатысушылардың бұрын қалыптастырылған нысаналы талаптарына есептелген инвестициялық кіріс сомасы туралы ақпаратты қамтитын есепті жібереді;

— БЖЗҚ жыл сайын, есепті жылдан кейінгі бірінші айдың 20-нан кешіктірмей «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан (ЖТ МДҚ) алынған мәліметтер негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде есепті жылдың соңындағы (31 желтоқсан) жағдай бойынша нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін қалыптастырады;

Жалғасы 8-ші бетте

ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысындағы 2026-2030 жылдарға арналған К-42-18-(10е-5б-17) блогындағы Тесық-тас учаскесінде бариті бар кендерге барлау жұмыстарын жүргізу жоспарының әсеріне экологиялық рұқсат алу үшін экологиялық құжаттар бойынша ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Географиялық координаттарымен.

1 — 68қ56'00"С 43қ27'00"В
2 — 68қ57'00"С 43қ27'00"В
3 — 68қ57'00"С 43қ26'004"В
4 — 68қ56'00"С 43қ26'00"В

Әсер ету аумағы: Түркістан облысы, Сауран ауданы, Новойкан ауылдық округі, Ойық ауылы. Географиялық координаттары:

1 — 68қ56'00"С 43қ27'00"В
2 — 68қ57'00"С 43қ27'00"В
3 — 68қ57'00"С 43қ26'004"В
4 — 68қ56'00"С 43қ26'00"В

Өткізілетін орны: Ойық ауылы, Ибадулла ата көшесі, 7А ауылдық округ әкімдігінің ғимараты. Өткізу күні мен уақыты: 16.02.2026 жыл сағат 11.00.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Меридик» БИН 200940009720 ЖШС, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Спасская көшесі, № 68а ғимарат, e-mail: meridik@inbox.ru, тел. +7(747)-481-61-49.

HSE ЖК жобасын жасаушы, 780827401339 ЖСН, Алматы облысы, Карасай ауданы, Қаскелең қаласы, Рысқұлов көшесі, № 1А үй: +7 7075332908, e-mail: aliya.ramazan27@mail.ru

Қоғамдық тыңдау материалдарымен «Қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі» <https://hearings.ndbecology.gov.kz> сайтында танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ қабылдайды, e-mail: a.erkebai@onustistik.gov.kz, тел: 8 (72533) 5-98-51, Түркістан қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 9, 160000.

Кездесуге қосылу Zoom:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3R-OUgROyMxZDZtbXJnTkNRUT09>

Кездесудің идентификаторы: 616 540 8596

Қол жеткізу коды: 123456

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Общественные слушания в форме открытых собраний проводятся по экологической документации для получения экологического разрешения на воздействие Плана разведки для баритосодержащих руд на участке «Тесык-тас» по блоку К-42-18-(10е-5б-17) в Туркестанской области на 2026-2030 годы

Географические координаты участка:

Северная широта Восточная долгота
1 — 68қ56'00"С 43қ27'00"В
2 — 68қ57'00"С 43қ27'00"В
3 — 68қ57'00"С 43қ26'004"В
4 — 68қ56'00"С 43қ26'00"В

Территория воздействия: Туркестанская область, Сауранский район, Новоиканский сельский округ, с. Ойык. Географические координаты территории воздействия:

1 — 68қ56'00"С 43қ27'00"В
2 — 68қ57'00"С 43қ27'00"В
3 — 68қ57'00"С 43қ26'004"В
4 — 68қ56'00"С 43қ26'00"В

Место проведения: Здание акимата Новоиканского сельского округа село Ибата, улица Ибадулла ата, дом 7А. Дата и время проведения: 16.02.2026 года в 11.00.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Меридик», БИН 200940009720, город Алматы, Түрксібский район, улица Спасская, здание №68а, e-mail: meridik@inbox.ru, тел. +7(747)-481-61-49.

Составитель проекта: ИП HSE, ИИН 780827401339, Алматинская область, Карасайский район, г. Каскелең, улица Рыскулова, дом № 1А: +7 707 533 29 08, e-mail: aliya.ramazan27@mail.ru

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов — <https://hearings.ndbecology.gov.kz>.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», e-mail: a.erkebai@onustistik.gov.kz, тел: 8(72533)5-98-51, г. Туркестан, проспект Аль-Фараби, 9.

Коференция на Zoom:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3-ROUGROyMxZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тапсырыс беруші «ENERGY LOGISTICS» ЖШС «Шымкент қаласы, Абай ауданы, Абай даңғылы 28/6 мекенжайы бойынша орналасқан «Qaz Petro» жарнама бекеті» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобалық құжаттама материалдары біріңғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz>) қолжетімді болады. Барлық ескертулер және ұсыныстар 21.01.2026ж бастап 5 жұмыс күні ішінде қабылданады. bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Заказчик ТОО «ENERGY LOGISTICS» сообщает, о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту: «АЗС «Qaz Petro» расположенного по адресу: город Шымкент, Абайский район, пр.Абая 28/6»» Проектная документация доступно на едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz>). Все замечания и предложения принимаются с 21.01.2026 г в течение 5 рабочих дней.

bgm-86@mail.ru тел:87079476947.

ҚҰРМЕТТІ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚАДІРЛІ АТА-АНАЛАР!

Шымкент қаласы, Темірлан тас жолы 19/2 мекен жайында орналасқан “Жас дарын-3” бастауыш мектебі 2025-2026 жылдың жаңа оқу жылына оқушылар қабылдайтынын хабарлайды.

Мемлекеттік білім беру тегін екенін назарларыңызға саламыз.

Байланыс телефоны 87011419358

ҚҰРМЕТТІ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ҚАДІРЛІ АТА-АНАЛАР!

Шымкент қаласы, Нұрсат мөлтек ауданы Н.Назарбаев даңғылы 959 мекен жайында орналасқан “Жас дарын” бастауыш мектебі 2025-2026 жаңа оқу жылына оқушылар қабылдайтынын хабарлайды.

Мемлекеттік білім беру тегін екенін назарларыңызға саламыз.

Байланыс телефоны 87011419358.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Түркістан облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері **Ережеп ҚАНАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы “АМАНАТ” партиясы Түркістан облыстық филиалы төрағасының орынбасары Тұрсынбаев Полат Мұратұлына ағасы

Асқар МҰРАТҰЛЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы «Айғақ» телеарнасының қызметкері Нұрсейіт Қалтаевқа анасы **Зұбайра МЕЛДЕБЕКҚЫЗЫ** мен қарындасы **Шолпан АБДЫХАНҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ликвидация

*** ТОО “JANAT COMPANY” объявляет о своей ликвидаций БИН 200940004660, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр.Агропром дом 139.

***ТОО “КАЗ АГРО КУРАЛ” объявляет о своей ликвидаций БИН 241140030343,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент мкр.Нуртас ул.Новостройка 243.

***ТОО”2316”объявляет о своей ликвидаций БИН 200440006570, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Алматы Бостандыкский р/н ул.Радостовца дом 267-64.

***ТОО”Dreamag”объявляет о своей ликвидаций БИН 250440016209, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр.Кайтпас ул.Алтынсарина 105.

***ТОО”ТС корпорэйшн”объявляет о своей ликвидаций БИН 170440019701,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент ул.Молдагулова 2-19.

***Общественный фонд”Фонд борьбы с туберкулезом им.Саулетбека Калдыбайұлы” объявляет о своей ликвидаций БИН 980340007981, всепретензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент ул.Жибек жолы 3-33.

***ТОО”БЛИМ-2014”объявляет о своей ликвидаций БИН 141240004466, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр.Катын копр дом 4006Б.

***ТОО”Дарын kids”объявляет о своей ликвидаций БИН 250940014805, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр.Северо-Запад ул.Талдыбулак 23/1.

***ТДО”Таза Туркестан”объявляет о своей ликвидаций БИН 2602140003034,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Туркестан мкр.Самал 18.

***ТОО «Маңғыт»объявляет о своей ликвидаций БИН 210640001191, все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан Туркестан.обл.Келесский р/н с.Кызыласкер ул.Есиркепова 76.

***ТОО«Алтын Дана» объявляет о своей ликвидаций БИН 200340007425,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан г.Шымкент мкр.Нурсат дом 85-6.

***ТОО”Avisa global”объявляет о своей ликвидаций БИН 190440003194, все претензии принимаются в течение 2месяца со дня опубликования. Казахстан г.Астана пр.Богенбай батыра дом 6/6 кв.40.

***Потребительский кооператив”Акбидай Саркырама” БИН 070740024976,объявляет о своей ликвидаций,все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования.Казахстан Туркестан.обл.Толебийский р/н с.Саркырама ул.Орталык 64.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Туран Химстрой» ЖШС, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы 338 участок мекенжайында орналасқан «РМ маркалы техникалық сұйық каустикалық сода өндіру цехы» жобасына арналған ықтимал әсерлер туралы есеп беру жобасы бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Талқылау күні: 24.02.2026ж., сағат 12:00. Талқылау өтетін орны: Шымкент қ., Еңбекші ауданы, Тәуке хан даңғылы, 338 участок.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Туран Химстрой» ЖШС

Онлайн конференцияға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/7-1001021333?pwd=v3zVgscsOrKz-rorJhN9gho9goRsOJB.1>

Конференция идентификаторы: 710 0102 1333, Кіру коды: 70714.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы сілтеме арқылы танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>

Жобаны әзірлеуші: «Tumar Construction Gruop» ЖШС эл.пошта: tcg_21@mail.ru Байланыс тел: 8(776)7417047

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Туран Химстрой», объявляет о проведении общественных слушаний в виде открытого собрания по проекту отчета о возможных воздействиях для «Цеха по производству технической жидкой каустической соды марки РМ», расположенного по адресу: г. Шымкент, проспект Тауке хана, участок 338.

Дата обсуждения: 24.02.2026 г., 12:00 ч.

Место обсуждения: г. Шымкент, проспект Тауке хана, участок 338. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Туран Химстрой»

Ссылка на онлайн-конференцию: <https://us04web.zoom.us/j/71001021333?pwd=v3z-VgscsOrKzropJhN9gho9goRsOJB.1>

Конференция идентификаторы: 710 0102 1333, Код доступа: 70714.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале:

<https://ndbecology.gov.kz/>

Разработчик: ТОО «Tumar Construction Gruop» Адрес эл.почта: tcg_21@mail.ru Контактный тел: 8 (776)7417047

ҰЙҒАРЫМ

Түркістан облысы Сайрам аудандық сотының ұйғарымы негізінде 31.01.1969 жылы туған Абдуллаева Насиба Сайдимамадовна арызы бойынша, бұрын Түркістан облысы, Сайрам ауданы мекенжайында тұрған 01.01.1966 жылы туған Абдуллаев Бахтиер Абдужалиловичті қайтыс болды деп жариялансын.

Абдуллаев Бахтиер Абдужалиловичті көріп-білген азаматтарды осы хабарландыру шыққан күннен бастап 3 ай мерзім ішінде Түркістан облысы, Сайрам аудандық сотына, судья Дусалиевке хабарлауын сұраймыз. Мекенжайы: Түркістан облысы, Сайрам аудандық соты, Ақсукент а., Жандарбеков көшесі, 71.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ»Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА - Бас редактор
Арайлым ӘБСАҒАТ - журналист
РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:
160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29. E-mail:aigak@mail.ru www.aigak.kz
Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші
Мұхтар СЕРІКБАЕВ - Тарату бөлімі
Ұлжалғас САҒЫНДЫҚОВА - Жарнама

Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86, Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30, Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25 Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 775 777 34 62

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Астана, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтү, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Қызылорда, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «М-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18.

Тапсырыс: №005 Тарапалымы: 5100

Нөмірдің кезекші редакторы - Аружан МАТТАЙ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

«Айғақта» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.